



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Вторая половина 70-х годов стала периодом дальнейшего развития многоотраслевой экономики. Вводятся в эксплуатацию новые мощности в производственном объединении по выпуску кузнечно-прессового оборудования. Впервые в отечественной практике, в объединении «Фосфор» была разработана и внедрена установка по сжиганию фосфорного шлама и получению фосфорной кислоты. Вводятся мощности по производству термической фосфорной кислоты, триполифосфата натрия (моющие средства), улучшается комплексное использование сырья, утилизация отходов производства. В 1980 г. выпуск желтого фосфора в области составил 49 процентов республиканского производства [7].

Таким образом, можно подвести некоторые итоги:

Шымкент является одним из крупных городов Великого Шелкового пути, артерией международной торговли в средние века;

Город неоднократно подвергался нападениям извне, в источниках упоминаются о героической борьбе местного населения;

Меняется численный и этнический состав региона, связанный с пореформенным развитием России. Одновременно развивается местная и добывающая промышленность;

В начале XX века наблюдается быстрый рост населения Казахстана, в результате миграционных процессов, в том числе и на юге. Наметилась тенденция роста городского населения;

В 50-80 гг. были построены и запущены объекты союзного значения, такие как заводы: гидролизный, маслоэкстракционный, фосфорный солей, хлопчатобумажный и масло-жировой комбинаты чулочная фабрика и другие объекты.

В настоящее время реализуется проект «Создание индустриальной зоны г.Шымкент» на территории бывшего фосфорного завода. Целью проекта является реализация инвестиционных проектов, привлечение отечественных и иностранных инвесторов, развитие малого и среднего предпринимательства в сфере промышленности, обеспечение города остро-востребованной продукцией, повышение казахстанского содержания в получаемой продукции, создание новых рабочих мест, а также увеличение налоговых поступлений в бюджет.

Использованная литература:

1. Бартольд В.В. Культура мусульманства. – М.: «Ленон», 1998, С.53.
2. Добромислов А.Н. Города Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1912. С. 50.
3. Цит. по: Обзор Сыр-Дарьинской области в 1911 г. Ташкент.1913.
4. Южный Казахстан, 1974, 14 июня.
5. Правда Южного Казахстана, 1949, 6 ноября.
6. Правда Южного Казахстана, 1940, 10 июля, 1952, 1 января, 2 ноября
7. Исентаев К.Б., Никифорова С.А. Социально-экономическое развитие Чимкентской области. –А-А.: Знание, 1982. – 32 с.

ӘОЖ 327:82(560:574)

ЕУРАЗИЯ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ — ҚАЗАҚСТАН БЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Қиубек Жаңылсын Жадетқызы

kiyubek_zhzh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану
мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.А. Шадаева

Еуразия материгіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету өзекті стратегиялық міндет болып қалуда.

Еуразия елдерінде аумақтық талас – тартыс, лаңкестік, экстремизм, заңсыз есірткі айналымы сияқты құбылыстардың етек алуына, кері әсер тудыратын құбылыстардың, үрдістер немесе элементтердің алдын алуға немесе оларды болдырмауда дүниежүзілік қауымдастық тарапынан қарсы тұрудың әлдеқайда тиімді формаларын талдап – жасау қажет етіледі.

Еуразия – өте ауқымды кеңістік. Бұл кеңістіктегі тепе- теңдікті сақтап отыру ондағы мемлекеттердің ынтымағы мен бейбіт келісімдерін талап етеді. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңді саралай отырып, осы кеңістіктегі қазақ – түрік қатынастарының ықпалдастығына кезігеміз. 2009 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұл қаласына ресми сапарында достық пен бауырластықты шынайы көңілмен қарсы алған түрік бауырларға былай деген болатын: «Біз бүкіл түркі халқының атажұртында тұрып жатырмыз. 1861 жылы қазақтың соңғы ханы өлтірілгеннен кейін біз Ресей патшалығының, одан Кеңес Одағының боданы болдық. 150 жылдың ішінде қазақ деген халық өзінің ұлттық салт-дәстүрін, тілін, дінін, дәстүрін ұмытуға аз қалды. Жаратқанның қолдауымен 1991 жылдың 16 желтоқсанында күндізгі сағат төртте біздің Парламентіміз тәуелсіздік жариялады. Бір сағаттан кейін марқұм Тұрғыт Өзал бізді құттықтады. Түрік мемлекеті дүниежүзі мемлекеттерінің ішінде ең бірінші болып біздің тәуелсіздігімізге қуанды, біздің тәуелсіздігімізді таныды. Мұны біздің халық ешқашан ұмытпайды. Атажұрттан бері қарай жылжыған кезде бабаларыңыз Түрік қағанатының ішінен «түрік» деген атты өздерімен алып кетті. Қазірге дейін түріктің ішінде жігіттің сұлтаны, ең жақсы жігіт қандай дегенде, қазақ дейді. Сол қазақ бізбіз». Осылайша түрік мемлекетіне өз ілтипатын білдіреді елбасымыз.

Қазақстан Түркиямен ынтымақтастыққа әрдайым ерекше көңіл бөледі. Халықтарымыз арасындағы қарым-қатынастың тамыры тереңде жатқаны белгілі. Екінші жағынан бұл екі ел Еуразияның шығысы мен батысын бір-біріне байланыстырады, бірі Каспий теңізінің солтүстігінен, екіншісі оңтүстігінен өтетін екі маңызды жол торабында орналасқан.

Ортақ құндылықтарымыз бен осы ерекше өңірлік жағдай ең әуелі саясат, экономика, мәдениет және басқа да салаларда ауқымды ынтымақтастық жағдайын қалыптастырумен қатар, жауапкершіліктер де жүктейді. Түркия да, Қазақстан да жауапкершілік алудан ешқашан қашқан емес және аймақтағы халықаралық және өңірлік ұйымдарда осы бағытта әр түрлі бастамаларға жетекшілік етіп келеді [1, 27 б.].

Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық міндетін алуы – елдің тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері өткен аз уақыт ішіндегі даму деңгейінің ең мағыналы көрсеткіші. Ауқымды қауіпсіздік пен тұрақтылық, көп бағытты ынтымақтастық, адам құқықтары, демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет, оңтайлы басқару секілді халықаралық қатынастар мен ықпалдастықтың қазіргі таңдағы негізгі басымдықтарын Еуразия аймағында реттеуші беделді Ұйым – ЕҚЫҰ-ға төрағалық міндетінің жүктелуі халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға деген сенімін дәлелдейтінін атап өтуім керек. Қазақстан төрағалығының ЕҚЫҰ-ға жаңа серпін беретініне де еш күмән жоқ.

Қазақстанның осы жетістіктері Түркия үшін де таңсық емес. Тәуелсіздігін алғаннан осы күнге дейін Түркия мен Қазақстан бір-бірімен әрдайым ықпалдастықта болып, тығыз және ауқымды қатынастар екі елдің барлық әлеуетін жақыннан тануға мүмкіндік берді.

Тарих бойынша жинаған тәжірибесі, түрлі мәдениеттің басын қосып отырған қоғамдық құрылымы, адами әлеуетінің және табиғи ресурстарының саналы және көреген басшылықпен бірігуі Қазақстанның Орталық Азияда көшбасшы елге айналуына және Еуразия аймағының маңызды нысаны болуына мүмкіншілік туғызып, Қазақстанға халықаралық қоғамдастық алдында абырой алып келді деп ойлаймын. Орталық Азия аумағының ақылшысы болып отырған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылғы 21-24 қазан күндері Түркияға жасаған сапары кезінде қол қойылған келісімдер негізінде Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың стратегиялық белесі қуатталды [2, 15 б.].

Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастың сипатын анықтайтын негізгі нәрсе – екі бауырлас ел бөлісетін ортақ құндылықтар. Ортақ тарихымыз, мәдениетіміз, тегіміз, тіліміз

сынды қасиетті құндылықтар екі елді берік байланыстырып отыр. Қожа Ахмет Ясауи және Мұстафа Кемал Ататүрік тәрізді түркі әлемінің ең ұлы данышпандары мен көсемдері жақындатқан екі ел мен қоғамдарын ешқандай күштің ажыратуы мүмкін емес. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері жазылған атажұрттың Қазақстанға келуі түрік азаматтары үшін әрқашан толғандырарлық жәйт [3, 26 б.]. 2009 жылы Қазақстан Республикасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Стамбул қаласына ресми сапарында Түркия президенті Тайып Ердоған былай деген болатын: «Біз қазақ жерін атажұртымыз санаймыз. Ал қазақ бауырларымыздың Түркияны өз үйлеріндей сезінуін тілеймін және соған қуанамын, Түркия және Қазақстан ынтымақтастығының негізінде ортақ тіл, мәдениет, бауырластық сезімдері жатыр. Әсіресе, 2007 жылғы Анкарада өткен жоғары деңгейдегі стратегиялық кеңестің бірінші отырысы бұл реттегі үлкен шара болды. Қазақ-түрік ынтымақтастығының жаңа деңгейі, жаңа кезеңі басталды деп айтқым келеді», - деді ол [4, 13 б.]. Екі түрік мемлекеті қатынастарының жаңа көкжиекке көтерілуі Еуразия материгіндегі маңызды бетбұрыстардың бірі болып отыр. Тағы бір қоса кететіні, Астанада түркі әлемінде әзірше алғаш болып табылатын Президент Назарбаевтың жеке бастамасымен Ататүрікке ескерткіштің ашылуы да тарихи сәт болып табылады.

2010 жылы Түркия мен Қазақстан Еуропа мен Азиядағы ең маңызды қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымдарына төрағалық етті. Екі тамыры бір мемлекеттердің бір мезгілде ЕҚЫҰ мен АӨСШК-ге төрағалық міндетін алуының маңыздылығы да өте зор. Түркия мен Қазақстан түркі әлемінің толеранттылық, гуманизм, адами сүйіспеншілікке негізделген түсінігінен шабыт ала отырып, өзара ықпалдастық арқылы Еуразиядағы тұрақтылық, бейбіт өмір және дамуға үлес қосып келеді. Түркия мен Қазақстан өздері мүшесі болып табылатын Ислам Конференциясы Ұйымы мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымы сынды әр түрлі халықаралық ұйымдарда белсенді ынтымақтастықта.

Шығыс-Батыс байланыс дәлізінде орналасқан Түркия мен Қазақстанға жаңа көлік дәліздерін жетілдіру тұрғысынан да маңызды міндет жүктелуде. Екі елдің географиялық орналасуы жаңа “Жібек жолдарын” жетілдіру арқылы табиғи ресурстарды пайдалануға, әлауқатты жоғарылатуға, елдердің экономикалық құрылымдарының бір-бірін толықтыруына зор ықпалын тигізді. Осы ынта-жігердің нәтижесінде 2012 жылы Баку – Тбилиси – Карс темір жол желісі пайдалануға берілген болатын. Осылайша, Қазақстан Еуропа, Кавказ өңірі, Орталық Азия, Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия арасында жылдам және қауіпсіз халықаралық темір жол тасымалының күретамырына ие болды. Бұл байланыс дәлізі мәдениет-аралық үнқатысуды арттыруда да табандылық көрсетіп келеді [5, 27 б.].

Еуразия кеңістігіндегі терроризм мен экстремизм көздерінің бірі Ауғанстан болып табылатын қауіпті есірткінің заңсыз айналымымен тығыз байланысты. Эксперттердің пайымдауынша, Ауғанстанда өндірілетін есірткінің 65 пайызы Еуразияның орталық аудандары арқылы өтеді. Бұл қауіпсіздік турасындағы маңызды аспектілердің бірі.

2012 жылдың 4 желтоқсанында Астанада «Орталық Азия елдері мен Ауғанстанның экономикалық ынтымақтастық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өзара қатынасы» атты халықаралық форум аясында Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматуллин Орталық Азия елдерінің арасындағы басты мәселе Ауғанстанда тұрақтылықты сақтап қалу проблемасы болып табылатындығын атап айтты. «Ауғанстанда тұрақтылықты сақтау және осы елдің бейбіт дамуы проблемасы бүгінде өте маңызды халықаралық мәнге ие. Ең алдымен, экономикалық және әлеуметтік салаларда көп нәрсе жасау керек. Бұнымен қоса, Ауғанстандағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үлкен мәселе болып қалып отыр. Бүкіл әлемдік қоғам бұл елде бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық орнауына мүдделі», - деді ол. 2013 жылдың 26 сәуірінде Алматыда біздің мемлекетіміз басшысының қатысуымен Ыстамбұл үдерісі аясында Ауғанстан бойынша өткізілген 3-ші Алматы конференциясы Қазақстанның осы көп азап шеккен елдегі жағдайды қалпына келтіруге қосқан кезекті ауқымды үлесі болды. Қабылданған қорытынды құжат – конференция Декларациясында Қазақстанның Ыстамбұл үдерісі аясында конструктивті өңірлік ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге шығару жөніндегі тұжырымдамалық идеясы қолдау тапқан болатын. Біздің

президент әлемдік қоғамдастықты ауған экономикасын өңірлік интеграциялық үрдістерге қатысу үшін сапалы алғышарттар жасауға және Ауғанстанды экономикалық оңалтуға ықпал ету бағдарламасын кеңейтуді күшейтуге шақырды. Осы орайда, Қазақстан Президенті Алматыда негізгі мақсаттарының бірі жанжалдан кейінгі Ауғанстанды оңалту бойынша халықаралық көмекті үйлестіру болып табылатын БҰҰ-ның Халықаралық орталығын құруға дайын екенін тағы бір рет қуаттады [6, 4б.].

Жалпы, Ауғанстанда, әлемнің біраз жерінде болып жатқан тұрақсыздық ошақтарының көптеген себебі бар. Мұндағы бейбіт және ауқатты жағдай орнату үшін әлемнің барша мүмкіндігі қолданылып жатқанына қарамастан, күтілген нәтиженің алынбауының артында мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы ұзақ мерзімді ықпалдастықтың жетіспеушілігі жатыр.

Түркия мен Қазақстан Еуразиядағы жаһандық проблемаларға бірдей тең тұрғыда қарайды. Мысалы, Ирак пен Ауғанстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларға екі ел де өз үлестерін қосуда.

Ал 2012 жылы 4 қазанда қазақ – түрік қатынасының 20 жылдығына орай «Абант Иззет Байсал» университетінде ғылыми – тәжірибелік мәслихат өтті. Қазақстан мен Түркия ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруге ұмтылып келеді. Болу шаһарында орналасқан бұл университеттегі жиынға түрлі ғалымдар мен саясаткерлер жиналған болатын. Әсіресе өндіріс саласына екпін берілмек. Бұл мәселе өткен жиында кеңінен сөз болды.

2009 жылы қол қойылған Нахчыван келісім-шартымен құрылған Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі 2010 жылдан бері ресми түрде қызмет ете бастады. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің құрылуына Түркия мен Қазақстан үлкен үлес қосты. Түркі мәдениетін нығайту және танытуда Түркия мен Қазақстанның бастамашылығы зор. Нахчыван саммитінде Президент Назарбаевтың ұсынысы бойынша Астанада Түркі академиясын құру туралы шешім қабылданды. Осы жобаны жүзеге асыру – қазіргі таңда Түркия мен Қазақстан үшін маңызды басым жобалардың бірі.

Президент Назарбаевтың түркі тектес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыру жолындағы жетекшілігі түркі әлемі тарихында қалары анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазыханов Ержан. ҚР Президентінің кезекті іссапары // Егемен Қазақстан, 10 қазан, 2010
2. Қайыржан Төрежан. Жаңа белестер // Айқын, 27 желтоқсан, 2010
3. Жарылқап Қалыбай. «Түрік» этнонимі // Аңыз адам, 13 мамыр, 2010
4. Қазыханов Ержан. ҚР Президентінің кезекті іссапары // Егемен Қазақстан, 10 қазан, 2010
5. Мұсатаев С. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі // <http://kazgazeta.kz/?p=2527>
6. ҚР әлемдік қоғамдастықпен халықаралық байланыстары // Дипломатия жаршысы, 1 (34), 2012

УДК 339.924(4+5)

ПРОБЛЕМЫ ЕВРАЗИЙСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ

Когай Елизавета Евгеньевна

korean_liza@mail.ru

Студент 3 курса специальности регионоведение

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Научный руководитель – А.Д. Бекебаева

Евразийская интеграция является одной из самых актуальных тем для современного Казахстана. Идеология и практика евразийской интеграции для Казахстана – это важная